



АЛМАТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№28 (90) 11 шілде 2025 жыл

В честь праздника

"НАҒЫЗ КАЗАҚ – ЕГО ДОМБЫРА!"



Все помнят эту поговорку: Нағыз казак казак емес, нағыз казак - домбра. В переводе на русский ,приблизительно, так: Истинный казах не сам казах, а его домбра. Это крылатое изречение чаще всего звучала в этот день в Алматы, в залах Центрального государственного музея. Здесь прошла выставка «Кумбірле, коңыр домбра» и мероприятия посвященные празднованию Дню домбры.

Он появился совсем недавно – в 2018 году, по инициативе первого президента Нурсултана Назарбаева и оказался очень уместным. А немногим раньше, в 2014 году, казахский музыкальный инструмент и произведения для него, включены в список нематериального культурного наследия человечества ЮНЕСКО. Для сведения: в мире на сегодня менее тысячи культурных наследий (есть еще исторические, природные, экологические) и наша домбра в их числе! Чем не повод дня гордости!? Цель мероприятия – популяризация национальных ценностей, приобщение подрастающего поколения к богатому духовному наследию народа.

Открыл концертную программу известный күйши, народный артист Казахстана, лауреат государственной премии имени Абая Секен Турысбек. Он в частности сказал : «Я безмерно рад, когда вижу на улицах спешащих на занятия подростков с домброй за плечами. Да здравствуют казахские традиции, обычаи, кюи, танцы, песни, айтысы! - Вместе с историей страны! Что останется после нас? Фильмы, искусство, кюи, песни и т.д. Я счастлив, что передам на хранение свою домбру! С праздником вас, дорогие гости!»

Собравшихся зрителей приветствовал директор музея Сержан Саров.

А председатель совета ветеранов Илийского района Амзе Исаев напомнил, что Илийский район – родина знаменитого композитора, күйши, дирижера, педагога, обладателя звания «Халык Кахарманы» Нургисы Тлендиева. Он родился возле села Шеликемир, (ныне названо его именем) в небольшом поселении. Первым его учителем был Ахмет Жубанов, взявший его на воспитание в пятилетнем возрасте и подаривший ему первую домбру. Он автор сотен песен, поэм, кюев. В рамках 40-го постоянного совета министров культуры государств -

членов ТЮРКСКОЙ, 2025 год объявлен годом памяти Нургисы Тлендиева и мы отмечаем его 100 летие.

Говоря о роли домбры, музыки в воспитании детей Амзе Альдибекович высказался так: «Күй для казаха это – символ воли, степенного простора и ветра. Инструментальная пьеса на домбре поднимает дух и возражает связь с героическими потомками – номадами степи. Духа как раз таки не хватает нынешней молодежи».

В программе мероприятия прозвучали выступления государственного камерного оркестра «Акжауын», лауреата международного фестиваля творческой молодежи «Шабит».

Были представлены также ансамбли домбристов «Серпер» и «Жігер» из детской музыкальной школы №1 поселка Отеген батыр.

На втором этаже музея посетители могли увидеть личные музыкальные инструменты выдающихся личностей, как-то: народного певца и композитора Жаяу Мусы; жены великого Абая – Дильды Алшанбайкызы; легендарного

певца Амре Кашаубаева; ученого, композитора и дирижера Ахмета Жубанова, основоположницы казахского оперного искусства Куляш Байсеитовой; академика Куаныша Сатпаева; актера и театрального деятеля Елубая Омирзакова; а также домбры известных в стране людей: Ж Молдагалиева, К Кенжетаетаев, А. Жангельдина, К. Касымова и других .

Руководитель отдела по хранению фондов Центрального государственного музея РК Маржан Жунусова рассказала, что в запасах музея хранится более 200 различных музыкальных инструментов и 60 из них – домбры. Большинство из них выставлены здесь и уникальны своими хозяевами. Более подробно мы договорились осветить эту тему позже в нашей газете.

К слову, народный артист Казахстана Секен Турысбек также передал музею свою домбру, на которой более 30 лет исполнял свои лучшие композиции. И.о директора музыкальной школы №1 п Отеген батыр Шолпан Алдибаева поделилась своими эмоциями: «И детям, и родителям очень понравилась эта поездка в Алматы. Были, естественно, определенные волнения, но наши выступления тепло встречены аудиторией и получили высокую оценку и зрителей, и профессионалов. В частности, авторитетный күйши Секен ага не только похвалил наши ансамбли «Серпер» и «Жігер», но и дал напутственное бата в мир музыки. Это очень знаменательно и вдохновляет детей. Сегодня в нашу школу, которой уже 60 лет, посещает более 200 детей на класс домбры. Будь у нас свое здание, конечно, мы могли принимать и обучать больше детей. Спрос очень высокий».

В музее в этот день можно было также наблюдать работу мастеров изготовления домбры. С одним из них, Габитом Максатулы, мы взяли краткое интервью, о чем мы также напишем позже.

Ну и в заключении нам бы хотелось бы привести поздравления нашего президента Касым Жомарта Токаева: «Домбра становится все более популярной именно среди подрастающего поколения. Молодежь глубоко погружается в нашу исконную культуру, читает народные традиции. Это, безусловно, не может не радовать, потому что такое бережное отношение к творческому наследию наших великих предков уже стало неотъемлемой частью патриотизма. Истинная любовь к своему Отечеству — фундамент нашей государственности. Замечательно, что молодежь Казахстана это понимает и поддерживает. Государство продолжит всестороннюю поддержку сферы культуры. Мастера традиционного искусства удостоены высоких званий: Кайрат Байбосынов — «Казахстанның Еңбек Ері», Айгуль Улкенбаева, Айгуль Косанова — «Казахстанның халық әртісі». Благодарю всех, кто популяризирует в мире нашу священную домбру».

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
г Алматы



Апта жаңалықтары

Алматы облысында тағы бір "Алтын адам" табылуы мүмкін

Алматы облысының Ұйғыр ауданында археологтар сақ дәуіріне жататын алтын әшекейлерді тапты. Бұл бұйымдар 1969 жылы Есік қаласы маңында табылған әйгілі «Алтын адамның» әшекейлеріне ұқсас, деп хабарлайды Алматыдағы BAQ.KZ тілшісі.



Тоғызбұлақ-1 қорғанынан табылған олжалар сақ кезеңіне жатады. Ғалымдардың айтуынша, дәл осы Қарадала өңірінде шамамен 50 шақты сақ қорғаны орналасқан. ҚазҰУ археологтары екі ай ішінде алты жерлеу орнын зерттеген.

Археологиялық қазбалар барысында шамамен 30 артефакт табылған, олардың арасында алтын жүзіктер, әйелдердің сырғалары мен алқалары, әртүрлі белдік ілгектері мен алқалар бар. Сонымен қатар жақсы сақталған алтын тіс жапсырмалары мен мүйіз түріндегі әшекейлер табылған.

Мұнда да «Алтын адам» жерленуі мүмкін деген болжам бар. Бірақ қорғандардың көбі ертеде тоналып кеткен. Дегенмен бұл билік өкілдерінің қорымдары болған. Бұл қорғандар элитаға тиесілі. Алдын ала бағалауға сәйкес, табылған алтын бұйымдар б.з.д. IV–III ғасырларға жатады, – деді экспедиция жетекшісі Досбол Байқонаков.

Жаңа табылған бұйымдар Қазақстанның ежелгі тарихын тереңірек зерттеуге үлкен үлес қосады деп бағаланып отыр.

Девушка утонула на Капшагае: работу зоны отдыха приостановили

Акимат Конаева прокомментировал трагический случай на Капшагайском водохранилище, передает корреспондент агентства Kazinform.

Как сообщили в акимате, в связи с происшествием, случившимся 7 июля, управлением полиции города возбуждено уголовное дело по части 3 статьи 306 УК РК. В настоящее время проводится досудебное расследование.

Отмечается, что акимат продолжает мониторинг работы зон отдыха и пляжей. Все выявленные в ходе проверок нарушения передаются в компетентные органы для принятия соответствующих мер. Ранее представители прокуратуры, ДЧС и акимата неоднократно встречались с предпринимателями, работающими на побережье, и разъясняли им требования действующего законодательства.

- Работа зоны отдыха, где произошёл трагический случай, временно приостановлена, - уточнили в пресс-службе акимата.

Қонаевтағы жағажайларда тазалық қалай қамтамасыз етіледі?



KAZINFORM – Қонаев қаласы әкімдігінің мәліметінше, №6 жағажайда 40 кәсіпкерлік нысан жұмыс істейді. Олардың барлығы сенімгерлік басқарушы компаниямен келісім шарт жасап, жалға алған аумақты күтіп ұстауға міндеттелген.

Кәсіпкерлер күн сайын тазалық жүргізуге, сәкілерді дезинфекциялауға, қоқыс жәшіктері мен жарық орнатуға, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты. «№6 жағажайда 45 қоқыс жәшігі, 10 контейнер және үш әжетхана орнатылған. Мұндағы тазалыққа 30 жұмысшы мен 2 арнайы техника жұмылдырылған. Қауіпсіздікті 10-нан астам құтқарушы қамтамасыз етеді, медицина қызметкерлері кезекшілік атқарады, бейнебақылау камералары орнатылған. Мониторинг күн сайын жүргізіледі», – деп мәлімдеді Қонаев қалалық ТҮКШ бөлімі.



Есімде қалған естелік

Тарих қойнауында «Екінші дүниежүзілік соғыс» деген атпен енген қанқұйлы соғыстың жеңіспен аяқталғанына биыл 80 жыл толды. Ел есінен кетпейтін қанды қырғында қаншама ерлер жат жердің топырағын жастанды. Қаншама жауынгер майдан даласынан ауыр жарақат алып, елге оралды. Ауыр жарақатпен елге оралған сарбаздардың бірі менің әкемнің әкесі Дәуітбай Бектұрғанұлы еді.

Дәуітбай атам 1905 жылы Жетісу уезі, Іле-Балқаш болыстығының Көкжиде ауылында дүниеге келген. Өзінің туып-өскен ауылында бар ғұмырын өткізген атамның өмір жолындағы өнегелі істері жайында қалам тербесем, бір кітапқа жүк болары анық. Дәуітбай атам жәйдан-жәй отырып, өздігінен әңгіме айта бермейтін тұйық мінезді, әдептілікті сақтай білетін сыпайы жан болатын. Атам әңгіме айту үшін сөзге мұқият құлақ түретін һәм оның айтып отырған әңгімесіне «Па, шіркін, содан!» деп серпіп беріп, отыратын адам керек. Ерекшелігі тарихи оқиғалар мен аңыз-әңгімелерді нақышына келтіріп айтқанда қамшы салдырмайтын.

Әлі есімде 6 сынып оқып жүрген кезім болатын. Бір күні үйге көрші тұратын Әбдікерім ата келді. Екеуі амандасып, жөн сұрасып алған соң алғашқыда ауыл жаңалықтары жайында сөз қозғап отырды. Осы сәтте мен бөлмеден шығып кеттім. Сәлден кейін қариялардың Ұлы Отан соғысы жайында әңгіме өрбітіп отырғандарын аңғарып қалдым. Жақын келіп жайғасып, олардың әңгімелеріне құлақ түрдім.

Сонда Дәуітбай атам: «Мен бастапқыда Украина майданына, содан соң Ленинград қаласын жаудан азат ету ұрыстарына қатыстым» деп әңгімесін әрмен қарай жалғастырды.

Жантайып жатқан Әбдікерім ата «А, сонда сен алғашқы жарақатын жазылған соң майдан даласына қайта оралдың ба?» деп сұрады.

Басын изеп, Әбдікерім атаның сөзін қоштаған атам: «Түнгі уақытта бізді жүк көлігіне отырғызып, таң ағарып атқан шақта Ленинград маңындағы қалың орманға жеткізді. Көліктен түскен бетте сапқа тұрғызып, тегімзді атап, түгендеп алды да «Снайпер шаг период шагом марш» деп аға лейтенат бұйрық берді. Мен және тағы алты мерген саптан бір қадам алға басып тұра қалдық. Қолымызға қару беріп сынақ алаңына баруымызды бұйырды. Барлық мергенге үш оқтан беріп, нысананы атқызып тексерді. Мен атқан үш оқтың бірі сегіздікке, ал екеуі ондыкқа дәл тиіпті. Оны көрген командир «хорошо стреляешь» деп басын шайқады. Атамның бұл сөзіне қайран қалған Әбдікерім ата «Па, шіркін!» деп, таңырқай әрі демей сөйлеп: «Сен соғысқа дейін осы ауылда атақты мергеннің бірі болдың ғой. Екінші жарақатты қалай алдың, соны айтшы?» деп сұрақ қойып, жантайып жатқан жастығын қолтығының астына екі бүктеп тығындап алды да, атама қарап, әңгімесін мұқият тыңдай бастады.

Тарихыңды таны

БАЙСЕРКЕ БАТЫР

Байсерке Сәменұлы – шамамен XVIII –ғасырдың екінші жартысында кәзіргі Жетісу облысы Арқаралы тауының бөктерінде дүниеге келген.Шыққан тегі халық шежересі бойынша Ұлы жүз Дулат – Ботбай – Шағай – Күшпентай –Есенбай –Сарман – Жаналы – Шағатай - Өтен – Дәнен - Сәмен – Байсерке болып тарайды.

Әкесі-Сәмен қазақ халқының ұзақ жылдарға созылған жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғысында қол бастап, батырлығымен ерекше көзге түскен ерен тұлға. Ол-жоңғар басқыншыларымен болған Аңырақай шайқасында жекпе-жеке шығып, жеңістерге жетіп, көрсеткен ерлік істерінің арқасында Ұлы жүздің атақты Төле биінен тікелей бата алып, есімі бүкіл Ботбай руының жауынгерлік ұранына айналған қас батырдың бірі.

XVIII-XIX ғасырда қазақ батырларының көбінің өмірлері жоңғарлармен (қалмақтармен) шайқаста өтті . Ал, 1750 жылдары Ұлы жүздің Өтеген, Райымбек, Наурызбай, Сәмен тағы басқа батырлары Іленің сол жақ қапталы мен Алатау бөктерін Ыстықкөлге дейінгі аймақты жаудан тазартады.

Осы тұсты Төле би ел тыныштығы үшін жоңғар қақпасынан келетін жауға қарсы күзет ұйымдастырады. Ал, Сәмен өзі Жоламан батырмен Арқарлы тауының асуының оңтүстік-батысына сарбаздарымен орналасады. Сәмен батыр қонысын Сәмен ауылы дейтін еді. Міне, Байсерке батыр осы жылдары дүниеге келсе керек. Әке тағылымын алып өскен Сәмен батырдың балалары Қапсалаң мен Текебай әкесімен бірге жорықтарға қатысып, ерлік көрсеткен. Кіші ұлы Байсерке

Атамның айтуынша, Ленинград маңындағы бекініске жау әскері кұнара тұтқиылдан шабуыл жасауды дағдыға айналдырған. Менің әңгіме барысында түсінгенім бекініс орнатылған аймақтың оң және сол қанатында екі қол пулеметі тұрған. Отты қарулар тоқтаусыз атқылағанда жау әскері тойтарысты бұза алмай бірнеше рет кейін шегініп отырған. Бірақ жау әскерінің жасаған әрбір шабуылында Кеңес әскері адам шығынына ұшырап, бей-берекеттері қашып, жағдайлары күннен-күнге нашарлай бастаған.

Жау әскерлерінің жасаған кезекті бір шабуылында атама командирі келіп: «Сол қатардағы пулемет атылмай қалды, соны көріп кел» деп бұйрық береді. Командирдің бұйрығы бойынша қарша борап тұрған оқтың ортасымен бас сауғалап, пулемет орнатылған жерге жеткенде, ол жерде жаралы жатқан пулемет атушының және оның оқтаушысының өлі денесін көрген. Сол сәтте Дәуітбай атам пулеметты жау әскері қаптап келе жатқан ұрыс даласына бағыттап ата бастаған. Көп ұзамай атыс-шабыс аяқталып, майдан даласына жаралы жатқан жауынгерлер мен қаза тапқан сарбаздарды жинастырады. Ұрыстан аман қалған жауынгерлерді күзетке қойып, жауға тойтарыс берудің қамын жасап жатқанда, сол қанатқа пулемет ататын адам іздейді. Сапта тұрған сарбаздардан командир «Кто умеет стрелять пулемёт?» деп сұрағанда әлгі жараланып қалған пулемет атушы «он умеет» деп атамды көрсетіпті. Командир мән-жайды анықтап, атамның аласапыран кезінде пулеметпен жау әскеріне оқ жаудырғанына риза болып, «Давай дальше также действуй» деп атамды сол күннен бастап пулеметші етіп тағайындаса керек-ті.

Күндердің күнінде жау әскері әуеден ұшақпен және жаяу әскері де тұтқиылдан шабуыл жасап, артиллерия зеңбіректері толассыз атқылаған тәрізді. Ұзақ уақытқа созылған шайқас барысында атама снаряд жарықшасы тиіп жараланған.

Бұл оқиғаны атам Әбдікерім атаға былай деп айтып жеткізді. «Алдымен менің оқтаушым жараланды. Амал жоқ оның көмегінсіз жалғыз өзім пулеметті атуыма тура келді. Ол жерде не болғанын қазір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Кенеттен дүрс еткен қатты дауыс шықты да, мен жатқан жердегі топы-

Тарихыңды таны

БАЙСЕРКЕ БАТЫР

Байсерке Сәменұлы – шамамен XVIII –ғасырдың екінші жартысында кәзіргі Жетісу облысы Арқаралы тауының бөктерінде дүниеге келген.Шыққан тегі халық шежересі бойынша Ұлы жүз Дулат – Ботбай – Шағай – Күшпентай –Есенбай –Сарман – Жаналы – Шағатай - Өтен – Дәнен - Сәмен – Байсерке болып тарайды.

Әкесі-Сәмен қазақ халқының ұзақ жылдарға созылған жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғысында қол бастап, батырлығымен ерекше көзге түскен ерен тұлға. Ол-жоңғар басқыншыларымен болған Аңырақай шайқасында жекпе-жеке шығып, жеңістерге жетіп, көрсеткен ерлік істерінің арқасында Ұлы жүздің атақты Төле биінен тікелей бата алып, есімі бүкіл Ботбай руының жауынгерлік ұранына айналған қас батырдың бірі.

XVIII-XIX ғасырда қазақ батырларының көбінің өмірлері жоңғарлармен (қалмақтармен) шайқаста өтті . Ал, 1750 жылдары Ұлы жүздің Өтеген, Райымбек, Наурызбай, Сәмен тағы басқа батырлары Іленің сол жақ қапталы мен Алатау бөктерін Ыстықкөлге дейінгі аймақты жаудан тазартады.

Осы тұсты Төле би ел тыныштығы үшін жоңғар қақпасынан келетін жауға қарсы күзет ұйымдастырады. Ал, Сәмен өзі Жоламан батырмен Арқарлы тауының асуының оңтүстік-батысына сарбаздарымен орналасады. Сәмен батыр қонысын Сәмен ауылы дейтін еді. Міне, Байсерке батыр осы жылдары дүниеге келсе керек. Әке тағылымын алып өскен Сәмен батырдың балалары Қапсалаң мен Текебай әкесімен бірге жорықтарға қатысып, ерлік көрсеткен. Кіші ұлы Байсерке

жөн сұрайды. Сонда аштықтан әлсіреген қарт ана: ”Ауылдың ер-азаматтары соғысқа кеткенде, қырғыздар келіп, ауылды шауып, шал-кемпірді, қыз-келіншектерді матап байлап, малдарын айдап кеткелі жатыр ”- дегенді айтады.

Байсерке жанындағы серіктерімен жасырынып келіп “Сәмен! Сәмен!” деп ұрандап, қырғыздарға шабуылды бастап жібереді. Алғаш сасқалақтап қалған қырғыздар әуелде соғысса алмай қаша бастайды. Байсерке осындай қолайлы жағдайды пайдаланып, қырғыздарға қатты соққы береді. Жолдастары да қалыспай бірнеше қырғызды шауып, түйреп өлтіреді.

Байсерке ауыл тұрғындарының аяқ-қолын шешіп,мал-жандарын аман алып қалады. Ауыл жұртының ризашылығына бөленген Байсерке, осылайша ел ішінде “батыр” атана бастайды.Бұдан кейін де Байсерке әке, ағаларымен бірге қалмақ, қырғыздармен болған талай шайқастарға қатысады. Сәмен батыр Байсеркені сарбаздармен Іле өзенінің сол жағалау мен Алатау аралығындағы кәзіргі Байсерке ауылының маңына орналастырады. Кейін сол жас Байсерке қонысталған жер Байсерке ауылы деп аталып кетеді.

Реті келгенде айта кетсек, мұрағат құжаттарында патша өкіметінің тұрсында да Іленің сол жақ бетіндегі Байсерке ауылы деп аталған ауыл 1910 жылығы Жетісу қоныс аудару ауданы түсірілген картада көрсетілген..

Байсерке-ұзақ өмір сүрген батыр. Ол өмір жолында бірнеше тарихи кезендерді басынан кешірген-ді. Елін, жерін сыртқы жаулардан қорғаған батырдың рухын құрметтеп, атын өшірмеу үшін кеңес кезінде Дмитриевка деп аталған елді мекен бүгінгі күні тәуелсіздіктің



рақ аспанға көтеріліп, үстімді құм басып қалғандай болды. Бір есімді жисам, екі аяғым жансызданып қалыпты. Орнымнан тұра алмадым. Айнала көк түтін, ешнәрсе көрінбейді. Атыс-шабыс тоқтаған. Көмекке қосымша әскер келіп, жау әскерінің кейін шегінуіне мәжбүр етіпті. Содан алты ай ауруханада жатып, елге оралдым ғой»-деп, өзінің соғыстан тірі оралғанына шүкіршілігін айтып отырды.

Балалықтың салдары болар, атамнан соғыс жайында кеңінен әңгіме өрбітіп, жөн-жосығын сұрап алмаппын. Ол кісі алғашқы жарақатты қай жерде, қашан алғанын тіпті ауылға қай жылы оралғанынан да бейхабармын. Ал өзімінің аға - әпкелерім «атам 1941 жыл соғысқа аттанып, 1944 жылы елге оралған» деп үнемі айтып отыратын. Сондай-ақ олар атамның «Ленинградтың ақ түнін көрдім ғой» деген сөзін бірнеше мәрте естіген.

Ұлы Жеңістің 40 жылдық мерейтойы қарсаңында аудандық Қорғаныс бөлімінің және селолық советінің өкілдері үйге арнайы келіп, атамның омырауына мерекелік медалін тағып, құрмет көрсетті. Ол медаль атамның Ұлы Отан соғысының ардагері ретінде өмірінде көрген алғашқы және соңғы құрметі болды.

Мен ес білгелі атам қолына ұстаған таяғына сүйеніп жүретін. Екі аяғы тізеден төмен тобыққа дейін жарақаттардың орны қалған қара дақтары болды. Соғыстың салдарынан алған жарақаттары атамның түн ұйқысын бөліп, мазасын алатынын сезіп жүрдік. Алайда, сексеннің сеңгіріне келгенше атқа мініп, мал бағып, қақпан құрып, ит жүгіртіп, аң ау-

лау кәсібімен айналысты. Саятшылықтың қай түріне сапар шексе де қанжығасы қанданып, олжамен оралатын.

Анам Секербала «Атам соғысқа дейінгі киын-қыстау кезеңдерде ел-жұрттың басына түскен ауыртпалықты халықпен бірге көріп, ашаршылық жылдары қолына қару алып, аң аулап туған-туыстары мен ауылдастарының аштықтан аман қалуына бірден-бір себепкер болған» деп үнемі айтып отырады.

Атамның құралайды көзге атқан мерген екеніне бала күнімде көз жеткізгенім бар. Мектеп табалдырығын аттамаған кезім еді. Әкем Мейрамбек «Ақкөл» совхозында саулық қой бағатын. Біздің жайлау биік төбенің етегінде орналасқан. Ал биік төбенің келесі бетінде үлкен айдын көл болды. Қолына аңшылық мылтық ұстаған адамдардың бәрі сол көлді жағалап үйрек атып жүретін. Бір күні мен және інім Болатбек екеуміз әлгі төбенің басында ойнап отырдық. Сәлден кейін жан –жағыма көз жүгіртіп қарасам атам есегіне мініп, қолына мылтығын алып елге жағасына бара жатқанын аңғарып қалдым. Көл жағасына жеткен соң есегін байлап, қалың қамыстың ішіне кіріп кетті. Сол сәтте үш үйрек қатарласа ұшып, атам жасырынып отырған жерге тұспа-тұс келгендей болды.

Алғашқы мылтық атылғанда үш үйректің екеуі төмен құлап, тірі қалған үйрек қанаттарын жылдам қағып, онан әрмен биікке көтеріле бастады. Екінші рет мылтық атылғанда ол үйреkte төмен қарай құлдилаы жөнелді. Көп ұзамай олжасын қанжығасына байлап үйге оралды. Көл жағасында жүрген аңшылар келесі күні атамның мергендігіне тамсанып, «қарияны үйректер танып алған ғой» деп әзілдесіп жатты. Олардың олай деп айтатын себебі, мылтық асынып күні бойы көл жағасында жүрсе де, кеш батқанша екі-үш қана үйрек атып алатын. Ал атам жарты сағат ішінде олжалы болды.

Соғыстан кейінгі жылдары өңіріміздегі мал шаруашылығының өркендету жолында еселі еңбек сіңірді. Зейнеткерлік жаста жүрсе де шаруашылықтан еш қол үзбей ұлы Мейрамбектің озат шопан болуына өзінің сүбелі үлесін қосты.

Атамның ерекше қасиеттерінің бірі - ел алдында көкірек керіп, ауыздыға сөз бермей сөйлейтін, мақтаншақ адамдарды ұнатпайтын. Қарапайымдылығы болар, қан майданның ортасында жүріп, елге ауыр жарақатпен оралса да Отан қорғау жолында көрсеткен ерліктерін еш міндетсінбей өмірден өткені.

Алапат жан алысып, жан беріскен соғысқа қатысып, ауыр жарақат алып елге аман-есен оралғаны-бүгінгі ұрпағы үшін үлкен олжа. Менің атам кеудесін оққа төсеп, бейбіт күнді жақындатуға үлес қосқан қаһарман деп мақтана аламын. Иә, фашистік Германияны өз ұясында талқандаған аға буын өкілдері, яғни ата-ларымыздың барлығы да - ҚАҺАР-МАН!

**Бактығали
МЕЙРАМБЕКҰЛЫ.**

арқасында Байсерке деп аталады. Байсерке батырды ел-жұрт таниды. Оның ерлік істері келешек жас ұрпақтың санасын оятып, оның ұлттық патриоттық тәрбиесіне үлкен ықпал етері хақ. Байсерке батыр туралы жазба деректер аздау. Байсеркенің өзінің жеке кіндігінен тараған ұрпақтары әр түрлі кезеңде ел тізгінен ұстап ұрпақтар сабақтастығымен еліне жеріне адал қызмет жасаған. Байсерке батыр бабамыз жүз жылдан артық өмір сүрген.

Міне, осындай батыр бабаларымызды кәзіргі жастар біле де бермейтін шығар, оған кезінде мүмкіндіктері де болған жоқ қой. Енді тәуелсіздігіміздің арқасында зерделі азаматтармыз өткен-кеткенді ой елегінен өткізер, керегін кәдесіне жаратар, ел бірлігі үшін жаумен айқасқан батырларын есіне алар деген ойдамыз. Еліміздің егемендік алуының арқасында Отанымыздың азаттығы үшін хас батыр бабаларымыз ортамызға қайта ораладу. Елім, жерім деп өмірлерін ат үстінде өткізген осындай батырлардың өмірі мен ерлігін қайта жаңғыртып, ұлықтау бүгін ұрпақтық парызы деп білеміз.

Олай болса Байсерке бабамызды ұлықтап Байсерке ауылына ескерткіштің қойсақ та артық емес. Ол келешек ұрпақты тәрбиелеуде үлкен ықпал етуі сөзсіз. Мектептерде Байсерке батыр туралы сынып сағаттары өтіп, тұрса нұр үстіне нұр болар еді. Қазіргі жастардың бабалардың аруағының алдында бас иіп,оларға тағзым жасауының өзі ұрпақ тәрбиесінде тағылымы мол, өнегелі іс болар еді.

**Құрманғали ӘБЕЙБЕКОВ,
Байсерке ауылы
ақсақалдар кеңесінің мүшесі.
Іле ауданы.**

Клятва на верность

Солдаты гарнизона приняли присягу

В войсковой части 65476 состоялась торжественная церемония приведения к воинской присяге молодого пополнения воинов.

Около 40 солдат срочной службы, призванных из Жамбылской области, дали клятву на верность Родине и народу Казахстана.

Призванные этой весной солдаты уже прошли курс молодого бойца и изучили общевоинские Уставы, освоили основные элементы строевой подготовки. Под руководством командиров они ознакомились с историей части и её воинскими традициями, изучили тактико-технические характеристики вооружения и техники, а также основы государственно-правовой подготовки.

Торжество момента солдаты разделили со своими родными и близкими.

Перед принятием военной присяги по команде командира части перед строем военнослужащих был торжественно поднят Государственный флаг Республики Казахстан. Временно исполняющий обязанности командира - начальник штаба части подполковник Момын Ахмет в краткой речи напомнил военнослужащим требования Конституции Республики Казахстан, значение военной присяги в той почётной обязанности, которая возлагается на военнослужащих, принявших военную присягу на верность Отечеству.



знаменательный день я поздравляю молодых солдат с принятием воинской присяги, а всю часть - с новым полноправным пополнением. Желаю новобранцам успехов в боевой, государственно - правовой и специальной подготовке.»

Затем с поздравительным словом выступил Председатель областного филиала ОО «Ветераны ВС РК» по Алматинской области полковник запаса Акбалиев Батырхан: «Войсковая часть 65476 воспитала не одно поколение защитников Родины, имеет богатую историю и воинские традиции. И теперь молодому поколению воинов предстоит быть продолжателями этих славных традиций. Служите добросовестно, чётко и в срок выполняйте

собственного сочинения под названием «Долг перед Родиной». В нём центральной линией проходит тема любви к родной земле, своей стране и готовности к её защите. И, по мнению автора, именно в период преодоления тягот армейской службы, которая закаляет дух, учит стойкости, выносливости и терпению, происходит в полной мере осмысление себя, как человека и гражданина.

От имени родственников солдат выступила Узенбаева Жанат, мать военнослужащего срочной службы: «Поздравляю вас с важным событием - принятием воинской присяги! С этого дня вы стали полноправными защитниками Родины. Пусть верность присяге, честь, доблесть и казахстан-



После отдачи командиром части соответствующего распоряжения, командиры подразделений приступили непосредственно к принятию военной присяги.

По окончании принятия присяги списки с личными подписями принявших военную присягу командиры подразделений вручили командиру воинской части.

Временно исполняющий обязанности командира - начальник штаба части подполковник Момын Ахмет обратился к военнослужащим:

«Конституция Республики Казахстан гласит, что защита Отечества является священным долгом для каждого её гражданина. Каждый гражданин обязан уважать и строго выполнять требования Законодательства. В этот

приказы командиров и начальников. За период службы вы научитесь стрелять и обращаться с вооружением и техникой, освоите строевую подготовку, будете выполнять нормативы по РХБЗ.

Есть старинная английская пословица - «на Бога надейся, но порох держи сухим». Несмотря на существующие в мире международные общественные и правовые институты в настоящий момент в мире сложилась такая обстановка, когда многие вопросы решаются государствами, обладающие развитыми экономиками и мощными армиями. Поэтому необходимо быть всегда начеку. И вы, как граждане, обязаны учиться военному делу должным образом, чтобы и после увольнения в запас в нужный момент могли встать в строй на защиту суверенитета Республики Казахстан.»

Для ответной речи слово предоставили военнослужащему срочной службы Батырхан Арнуру: «Сегодня особенный день. Мы приняли воинскую присягу. И это не просто слова - это торжественная клятва на верность Родине и народу Казахстана. Я горд, что продолжаю путь своего деда, который тоже носил погоны и с честью служил Отчизне. Его пример всегда был для меня ориентиром. Теперь и я - защитник своего суверенного Отечества.»

Далее военнослужащий срочной службы Ермек Ернур прочитал проникновенное стихотворение

ский патриотизм всегда будут вашими путеводными принципами по жизни. Желаю вам, сынки, здоровья, крепите воинскую дисциплину и боевой дух. Вы являетесь гордостью для родных и близких, для своих семей. Служите с честью, успехов вам в воинской службе. А мы будем ждать вас дома, дорогие наши.»

После исполнения военнослужащими Государственного гимна Республики Казахстан и их прохождения торжественным маршем для гостей части были организованы показательные выступления с приёмами рукопашного боя, демонстрация элементов строевых приёмов с оружием и без оружия. Затем была экскурсия по воинской части, учебным классам и казармам. Родители смогли ознакомиться с условиями службы сыновей, а также получить ответы на интересующие вопросы и контактные данные командования. Было организовано памятное фотографирование. В этот день молодые солдаты ушли в своё первое увольнение.

Заместитель командира части по воспитательной и идеологической работе подполковник Маменов Данияр рассказал, что в войсковой части созданы все условия для нормальной службы и быта военнослужащих. После принятия присяги за военнослужащими будет закреплено штатное оружие и боевая техника. Молодые воины вместе с личным составом подразделений начнут овладевать основами воинского мастерства по специальности войск радиационной, химической и биологической защиты.

Станислав ФЕДОРОВ,
подполковник медицинской
службы запаса ветеран ВС РК
г. Қонаев

Оймақтай ойлар

Біздің қазақ: «Көзбен көрген шын, құлақпен естіген өтірік. Құлақ пен көздің арасы бір-ақ тұтам жер емес пе?» – дейді. Көз бен ауыздың арасын, мұрын мен ауыздың арасын, құлақ пен ауыздың арасын есептеген кісі бар ма? Көріп тұрса да, иісін біліп тұрса да, арам екенін естіп тұрса да асай беретін жебір ауыздарды қайтеміз?

Есептеген кісі бар ма?

БАСПАЛДАҚ

Далада тұрған баспалдақ әбден былғанған болса, баспалдақты төменгі басқыштан бастап тазалаған кісі жоғары шыға алады. Ал жоғарыға шығып алған кісі болса, сол жоғарғы басқыштан бастап тазаласа ғана төмен түсе алады. Олай жасамаса, біреуі төменде, екіншісі жоғарыда, жауын-шашынның астында қалады.

АЙЫРА АЛМАЙМЫЗ

Әдемі болса да тауысты құс патшасы дей алмаймыз. Сөйлей алса да тотықұсты депутат қылып сайлай алмаймыз. Адамдарға келсек, бәрі бола береді. Өйткені, арғымақ пен мәстекті, бұлбұл мен шымшықты айыра алмаймыз.

ХАЛЫҚ ШЕШУІ КЕРЕК

Көптеген мемлекетті басқарып отырған патшаларға өз халқының көңілі толмаса да жергілікті поп па, молда ма, басқа да дін өкілдері оны Алланың ұйғарымы дейді. Осындай желеумен озбыр басшылар таққа отырса халық киналады. Халық – Алланың бір аты. Олай болса, тәж пен таққа кім лайықты екенін халық шешуі керек.

ПАЙДАСЫ БОЛМАЙДЫ

Түбі тесік шелекке су құю керек пе? Адамдар болмаса дария бар екенін ескертер, дария жанынан құдық қазғанның еңбегі еш кетер. Өнімі болмасын білсе егер, шөлге не құмға егінді кім себер?! Сөздің де айтатын наданға пайдасы болмайды қоғамға.

ЖАС КЕЗІНЕН АҚЫЛДЫ БОЛ!

Жас кезінен ақылды бол! Бұл жалған өтер де кетер. Аяғыңды андап бассаң, өз ақылың өзіңе жетер. Жас ұлғайған сайын ақыл қосылады деу бекер.

ӘРКІМНІҢ БІР ОЙЫ БАР

Біреу сиырым сүтті болса екен дейді. Біреу өгізім мықты болса екен дейді. Біреу бием құлындаса екен дейді. Біреу бизнесім құлдырамаса екен дейді. Біреу жиған-тергенімді офшорға тыға берсем дейді. Біреу сүйенгенім тіреу болып тұра берсе екен дейді. Біреу Алладан малымды сақта деп тілейді. Біреу жанымды сақта десе, ізгі мұсылман арымды сақта деп тілейді.



Жанайқай

Қазақ тілі — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Бұл — заңмен бекітілген мәртебе. Алайда еліміз тәуелсіздік алғанына отыз жылдан астам уақыт өтсе де, қазақ тілі толық деңгейде барлық салада қолданылып отыр деп айту қиын. Мемлекеттік тілдің мәртебесі мен қолдану аясының арасында үлкен алшақтық бары – бүгінгі қоғамның өзекті әлеуметтік мәселелерінің бірі.

Туған тіл неге толық қолданысқа енбей жатыр?

Мәселенің мәні неде? Біріншіден, қазақ тілінің кеңінен қолданылмауына тарихи себептер

туралы заң талаптары бар болса да, оның орындалуын қадағалау әлсіз. Үшіншіден, ата-аналар мен

шейту. Заң талаптарының орындалуы нақты қадағаланып, жауапкершілік күшейтілуі тиіс.


- Тіл үйренуге жағдай жасау. Қазақ тілін үйрету орталықтарын, тегін курстарды көбейту қажет, әсіресе көпұлтты ортада.

- Ақпарат құралдары мен мәдениетте қазақ тілін ілгерілету. Теледидар, интернет, кино және театр арқылы қазақ тілінің сапалы контентін арттыру — қоғам санасына әсер етудің тиімді жолы.

- Жастар арасында қазақ тіліне сұраныс туғызу. Бұл — әлеуметтік желілердегі қазақша контент, заманауи мәдениет пен өнер арқылы іске асады.

Қазақ тілі — ұлттың жаны, елдің тұғыры. Тәуелсіз ел бола тұра, өз тіліміздің толыққанды қолданылмауы — қоғам ретінде әлі де тілдік, мәдени тәуелсіздіктен толық арылмағанымыздың белгісі. Бұл мәселе тек мемлекетке емес, әр азаматқа тікелей байланысты. Өз ана тілімізге деген құрмет пен сұраныс артқанда ғана, ол шын мәнінде мемлекеттік тілге айналады.

Алуа ЖЕҢІС.
№175 гимназия.
Қарасай ауданы.



әсер етіп отыр. Кеңестік кезеңде орыс тілі үстем тіл ретінде қалыптасты, ал қазақ тілі көбіне тұрмыстық деңгейде ғана сақталды. Бұл үрдіс әлі де жалғасып келеді, өйткені қала тұрғындарының басым бөлігі ресми құжаттар мен күнделікті қарым-қатынаста орыс тіліне жүгінеді. Екіншіден, кейбір мемлекеттік мекемелер мен жекеменшік ұйымдарда құжат айналымы мен қызмет көрсету орыс тілінде жүреді. Мемлекеттік тіл

жастардың бір бөлігі қазақ тілінде білім алуға емес, орыс немесе ағылшын тілінде білім алуға ұмтылады. Бұл — қазақ тіліне деген сенімнің жеткіліксіздігін, тілдік орта мен сұраныстың әлсіздігін көрсетеді.

Мұндайда не істеу керек? Менің ойымша, қазақ тілінің толыққанды қолданылуын қамтамасыз ету үшін бірнеше маңызды қадамдар қажет:

- Мемлекеттік бақылауды кү-

Суда жүзу

ДУБАЙҒА ЖОЛДАМА БЕРГЕН ЧЕМПИОНАТ

Өткен аптаның сенбі және жексенбі күндері Қонаев қаласының «Heaven Club» демалыс базасында халықаралық ашық суда жүзуден «Oceanman Kazakhstan – 2025» чемпионаты болып өтті. Бұл жарысқа Ресей, Қырғызстан, Италия, Өзбекстан, Франция, Латвия, Ұлыбритания, Испания, Малайзия, Германия, Венгрия Испания, Израиль, Индия, Біріккен Араб Әмірлігі, Беларусь, Украина, Румыния, және Қазақстан мемлекеттерінен 7 жастан 70 жас аралығындағы ашық суда жүзудің 5 түрі бойынша 2 мыңнан астам спортшылар қатысты.

Жарыстың салтанатты ашылуында құрметті қонақтар қатарында Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, «Oceanman» франшизасының иесі Фермин Эгидо, сондай-ақ бас ұйымдастырушы, «Oceanman Kazakhstan» франшизасының иесі Ералы Оралов болды.

Жүзу жарысы бес қашықтықта өтіп, OCEANMAN 10 км (300 қатысушы), HALF OCEANMAN 5 км (400 қатысушы), SPRINT 2 км (800 қатысушы), OCEANKIDS 500 метр (500 қатысушы), OCEANTEAM эстафетасы 3x500 метр (90 қатысушы) өздерінің бақтары мен баптарын сарапқа салды. Жарыстың бірінші күні қатысушылар 10 және 5 шақырымға жүзуден жарысса, екінші күні SPRINT, OCEANKIDS және OCEANTEAM қашықтықтары бойынша бақ сынады.

Бұл күндері Қапшағай су қоймасындағы судың температурасы жүзушілер үшін өте қолайлы болды. Сайысқа кәсіпқойлармен бірге әуесқойлар да қатысты. Мұндағы қауіпсіздікті кәсіби құтқарушы-

лар мен Төтенше жағдайлар министрлігінің 22 жүзу кемесі мен 4 үлкен қайығы қадағалады. Волонтерлар әр бұрылыста қатысушыларға сусындар ұсынып, олардың әрі қарай жүзуіне жағдай жасап отырды. Сондай-ақ биылғы жылдың маңызды ерекшелігі – жүзуден INSPIRATION санатындағы 15 баланың қатысуы болды. Бұған дейінгі жарыстар да осы санатта жүзушілер болған, бірақ бұл жолы ерекше қажеттіліктері бар балалардың қасында қамқоршылары мен тәжірибелі спортшылар бірге жүрді.

Аталған дода барлық жас санатындағы халық арасында бұқаралық спортты насихаттау мен дамытуда маңызды рөл атқаратынын анық көрсетті. 10 шақырымдық жүзуден бақ сынауға келген Гарвард университетінің оқытушысы, үндістандық Айша Мансухани күш пен рухты сынауға бірегей мүмкіндік бергені үшін ұйымдастырушыларға алғыс білдірді. Ересектер арасында INSPIRATION санаты



бойынша Қазақстанның паралимпиада құрама командасының капитаны Зулфия Габидуллина (2 км), 10 и 5 км қашыққтықта Лев Черепанов пен Ғазиза Құмақбаева, спринттен (2) км – Родриго Малан (БАӘ) мен Таисия Короткова (Қазақстан) абсолютті чемпион атанды. HALF OCEANMAN санаты бойынша ерлер арасында 20-29 жас аралығында 5 км қашықтыққа жүзуден астаналық Станислав Редько, әйелдер арасынан Ирина

Лазарева жеңімпаз атанды.

Турнирдің ерекше қатысушыларының бірі – Қонаев қаласының 8 жастағы Дмитрий Кремпин болды. Ол – Дубайда өткен Oceanman финалының күміс жүлдегері. Биыл да «OCEANKIDS» санатында 500 метр қашықтықты 10 минут 40 секундта жүзіп өтті.

«Oceanman» – әлемнің әртүрлі елдерінде өтетін бірнеше кезеңнен тұратын халықаралық чемпионат. Қатысушылар бір ғана кезеңге не

бірнеше жарысқа қатыса алады. Әр маусымның соңында финалдық жарыс ұйымдастырылады. Жүйе бойынша, әр кезеңде үздік 10 ер және 10 әйел спортшы автоматты түрде финалға жолдама алады.

«Жеңімпаздар мен жүлдегерлер биыл желтоқсан айында Дубайда өтетін әлем чемпионатына қатысатын», – деді «Oceanman» франшизасының иесі Фермин Эгидо.

Заңғар АЛТАЙ.
Қонаев қаласы.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Өндірістік шаңның жұмысшылар ағзасына әсері

Қазіргі таңда өндірістік кәсіпорындарда жұмыс істейтін қызметкерлер көптеген зиянды факторларға ұшырайды. Солардың бірі — өндірістік шаң. Бұл физикалық және химиялық құрамы әртүрлі микробөлшектер адам ағзасына тыныс алу жолдары арқылы еніп, әртүрлі аурулардың дамуына себеп болуы мүмкін.

Өндірістік шаң, негізінен, өндіріс саласына байланысты бірнеше түрге бөлінеді:

- Металл шаңы (темір, алюминий, мыс және т.б.),
- Органикалық шаң (ағаш, мақта, дән, тері қалдықтары),
- Минералды шаң (цемент, асбест, кремний диоксиді),
- Химиялық шаң (қышқылдар, сілтілер, улы қосылыстар).

Бұл бөлшектердің өлшемі 10 микроннан кіші болса, олар өкпенің терең қабаттарына дейін ене алады. Бұл ұзақ мерзімді әсер ететін қауіпті фактор болып табылады.

Шаңның ағзаға тигізетін әсері көптеген факторларға байланысты: шаңның химиялық құрамы, бөлшектердің өлшемі, концентрациясы және экспозиция ұзақтығы. Ең жиі кездесетін зиянды әсерлер мыналар:

1. Тыныс алу жүйесіне әсері:
 - Бронхит, бронхиалды астма,
 - Өкпенің фиброзы (әсіресе кремний шаңында — силикоз),
 - Асбестоз (асбестпен ұзақ жұмыс істеу нәтижесінде),
 - Созылмалы өкпе обструкциясы.
2. Тері және көз аурулары:
 - Дерматиттер, экзема
 - Конъюнктивит, көздің тітіркенуі,
3. Жүйке жүйесіне әсері.

Кейбір ауыр металдармен (мысалы, қорғасын, сынап) ұзақ уақыт әсер ету жүйке жүйесінің бұзылыстарына әкелуі мүмкін:

- Бас ауруы,
 - Есте сақтау қабілетінің төмендеуі,
 - Ұйқысыздық, тітіркенгіштік.
- Жұмыс орнында өндірістік шаңның зиянды әсерін азайту үшін келесі алдын алу шаралары жүргізілуі қажет:
- Желдету және шаң сору жүйелерін орнату,
 - Жеке қорғаныс құралдарын (респиратор, көзілдірік, арнайы киім) қолдану,
 - Медициналық тексерулерді жүйелі түрде өткізу,
 - Жұмыс орындарын санитарлық-гигиеналық талаптарға сай ұстау,
 - Технологиялық процестерді автоматтандыру.

Өндірістік шаң – жұмысшылар денсаулығына айтарлықтай қауіп төндіретін фактор. Оның алдын алу және бақылау шараларын уақтылы жүргізу арқылы еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады. Денсаулық – ең басты байлық, сондықтан жұмыс орнында санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау — әрбір кәсіпорынның басты міндеті.

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы